

Бөкей Орда ауданына

Бөкей Орда ауданына тарихи - сипаттамалық шолу.

Аудан Батыс Қазақстан облысының оңтүстік – батысында орналасқан. Батысында Ресей Федерациясының Астархань облысымен, солтүстігінде облыстың Жәнібек және Казталаов, шығысында Жаңақала аудандарымен шектессе, оңтүстігінде Атырау облысының Құрманғазы ауданмен шектеседі. Ауданның солтүстігі 491810131 шығыс – 480031 солтүстік ендік және 4600 301 - 490 131 шығыс бойлық аралығында жайласқан, яғни батыстан шығысқа қарай 177 км-ге, солтүстіктен оңтүстікке қарай 130 км-ге созылып жатыр.

Бөкей ордасы ауданының жер аумағы 19,9 мың ш. км, тұрғыны 17,8 мың адам (2010). Орташа тығыздығы 1 км-ге 0,8 адамнан келеді. Аудан аумағында 25 елді мекен бар. Олар 7 ауылдық округте біріктірілген. Орталығы – Сайқын ауылы.